

Ұлысымызға ұлық болған, ұлттық мерекеміз баянды болсын!

Жаңарған Созақ, жасарған ғажап!

Биыл Қазақстанның Егемендігі туралы декларация қабылданғанына 35 жыл! Тарих тегершігін кері шегіндірсек, Тәуекел ханның орнын басқан Есім хан 1598 жылы Бұқара мен Самарқанның билеушісі Мұхаммедпен бітім шартын жасасады. Бұл бітім қазақ хандығының ұлы жеңісін паш етті. Бітім бойынша Сырдарияның ұзына бойындағы Созақ, Түркістан, Отырар, Сайрам бастаған отызға жуық қала, Ташкент қаласы бүкіл уәлаятымен Қазақ хандығының құрамына қосылды. Керей мен Жәнібек негізін салып, Бұрындық хан мен Қасым хан әрі қарай нығайта шыңдалған қазақ мемлекетінің елдік қасиеті өзінің көшелі арнасынан әлі де жаңыла қойған жоқ еді. Ақылына ісі сай әз-Жәнібек өзі дара хандық құрған жеті жыл ішінде мемлекеттің құрылымын, басқару және заңдық жүйенің, әскери тәртібін жасап, берік орнықтырып кетті. 1984 жылы Абай атындағы Қазақ ССР мемлекеттік сыйлығын алған атақты жазушы Мұхтар Мағауиннің «Аласапыран» атты тарихи романының бастауы «Созақтағы кеңестен» басталуы да тегін емес. Сонда жазушы былай жазады: Тарихтың тоғыз жүз тоқсан алтыншы, тышқан жылы (1588 жыл) наурыз туып, қар сөгіле, шығыс Дешті Қыпшақтың падишахы Тәуекелдің сауын айтып, шұғыл шақыруымен, киіз туырлықты қазақ ұлына хкім жүргізуші қасқа-жайсаң атаулы Қаратаудың терістігіндегі Созақ қаласына құрылтайға жиналды. Бұл Тәуекел хан осыдан біраз уақыт бұрын ақ киізге көтеріліп, ата жұртын қолына алғаннан бергі, тіпті, төңіректің төрт бұрышына түгел қылыш сермеген Хақ-Назар хан шаһид болғалы өткізілмек ең үлкен кеңес еді,-дейді. Кеңеске Орыс хан әулетінен тараған, Көкше төңізден Жемге дейінгі, Сырдың сағасынан Есілдің етегіне дейінгі аралықтағы ұлыстарды ұстап отырған ақсүйек атаулы-сұлтан мен оғлан түгел келді. Мұндағы мақсат қазақ ұлтын хшпаққа қалай шығару, ертеңгі хан тізгінін ұстар ізбасарын ұлықтау, әлеуметтік-экономикалық келешегін анықтау, мал, егін шаруашылығы, қорғаныс, ауызбіршілік мәселелері бойынша келелі кеңес өткізбек. Қазақ жерінің шұрайлы өңірін, сәулетті қалаларын бірде алып, бірде беріп жүріп ақыры жоғарыда айтқан билер мен сұлтандардың арманы тілегі біртіндеп орындалған еді. Алайда қазақ хандары қызба мінез, шұғыл шолар шешімдер қабылдамай байыпты, ақылмен стратегиялық ұтымды әдіс-айла, терең білімі арқылы ел мүдделерін орамды ойластырып, ел бастай білгені тарихтан белгілі. 1930 жылдың ақпан айында елді билеушілердің әділетсіздік пен орынсыз жасаған зорлық-зомбылығы мен топас белсенділердің ар-ұяттан безіп өз халқына өз жерлеріне жасаған қиянатына қарсы Созақ өңіріндегі (Теріскей өңірінде) ашынған халықтың наразылық қозғалысы болған еді. Қозғалысқа қатысушылар өздерін азаматтық, теңдік, арнамыс, әділет үшін күресуші және дін жолында ғазуат қозғалысқа қатысушы деген ұғымда болған. Кеңестік құрылымның орнау қарсаңында Созақта 12 мешіт, 10 медресе, көптеген көруен сарайлары мен 20-дан аса сауда дүкендері, қолөнер бұйымдарын шығаратын шағын шеберханалар, ұста дүкендері болған. Созақ Орта Азиядан Орталық Қазақстан арқылы Қытай мен Сібірге қарай өтетін. Көруен жолының Қаратаудан Терістікке өтер аузындағы қақпасы болатын. Кеңес өкіметі орнаған алғашқы кезеңде жаңа тәртіптің озбырлық



саясатына қарсы Қазақ жерінде наразылық қозғалыстарының болып тұғандығы тарихи деректерден белгілі. Осы қозғалыстарға қазақтың оқыған зиялы азаматтарының мақсаты халқының мұңымен үндесіп отырған. Сол тарих жылнамаларынан бері арада қаншама уақыт өтті. Тұғырына қонақтаған қыран бүркіт, айналасына жіті қарап, сергек қимылмен айналасына жалт-жұлт қарағанда от жанарлы көзінен бірде жалын шарпыған Бетпақтың шөлді даласын, бірде Көкшенің көкпеңбек баурайы мен тал-қайыңы бұрала ырғалған қойнауын, енді бірде ай келбетті ару Астананың көрікті көшелерін көргендей боламын. Тұңғыш туымның ажарына ажар қосып қалықтаған қыран бейнесі, қырдағы көңіліме қанат бітіргендей. Тұңғыш деген ұғымның астарында тұңғыш ерекшелік барды-ай, селт ете қаласың. Ұлы да қастерлі отанымыз қазақ елінің тұңғыш Тәуелсіздігін әлем тұңғыш мой-

Айтсам сенбессің. Көрсен сенерсің, Құт дарыған қойнауын, ырыс қонған ынтымағына қайран қалып, қоныстанам деп келерсің! Соңғы жылдардың өзінде Созақ тарихында болмаған мектептер, ауруханалар, спорт ғимараттары, бала бақшалар мен саябақтар, музейлер мен кітапханалар, мәдениет ошақтары бой көтерді. Биылдың өзінде Созақ ауылында «Созақ қазақ хандығының тірек қаласы» атты республикалық ғылыми конференция өтті. Аудандық тарихи басылым-«Созақ үні» газеті өзінің 95 жылдығын атап өтті. Созақтан шыққан ақын-жазушыларымыздың мерейтойлары өз дәрежесінде ұлықталды. Көшелер жаңарып, ауылдар жарықтануда. Техникалар толығып, елді мекендер ел қатарына қосылып жатыр. Заманның талабына сай ауылдардың көркіне көрік, ажарына ажар қосылды. Осы ел игілігін көріп жатқан жағымды жақсылықтар тәуелсіздігіміздің нұрлы жемісі.



ындады. Тұңғыш рет өз тәуелсіздігін 1991 жылы алды. Сөзімнің мәйегі мәнді болуы үшін қазақ ұлтының тұқиянына негіз болған, талай құқай мен теперіш көрген, солақайдың сойылы соқтыққан Созақ кеше қандай еді, бүгін қандай?

Әлемдегі болып жатқан ақпараттар ағыны үйіңізде, төрткүл дүние төріңізде, ұл-қыздарың шет ел асып білім алып жатыр. Тарихыңды зертте, ақтаңдақтарыңды ақтар, өткеніңді оят, келешегіңді болжа бәріне зор мүмкіндіктер қарасты-

рылған. Бүгінгі ұрпақ 90-шы жылдардағы этносаралық соғыстар мен қақтығыстарды, күйреуді көрген жоқ. Сондықтан көпшілігі Қазақстандағы тұрақтылық пен қолайлы өмірді туғаннан солай болуы тиіс сияқты қабылдайды», демекші расында бір мемлекеттің қауіпсіздігі мен ел ішіндегі ынтымақтастықты тұрақты ұстау үшін қанша күш пен жігер жұмсалды. Тәуелсіздік күні қарсаңында бүгінгі аудан орталығындағы «Жастар саябағында» кентке ерекше сән берген Керей мен Жәнібек хандарға арнап тұрғызылған ескерткіш бой көтерген болатын. Бүгінде еңселі ескерткіш таң шапағымен нұрлана келешек ұрпақты нұрлы жолға бастағандай асқар биіктен менмұндайды. Қазақ халқы Ел Тәуелсіздігі жолында 200-ден астам көтерілістер мен қозғалыстар жасап, сол кездегі жүйемен аяусыз басылып-жаншылып отырғандығы тарихымыздан белгілі. Тәуелсіздік тұрақты даму арқылы нығаяды. Бүгінгі біз туып өскен Созақ өлкесі тарихтың түпсіз жылнамаларынан бері көптеген тарихи оқиғаларға куә болып келе жатқан шежірелі өңір. Тәуелсіздіктің негізгі мәні-жаңа жолымыз бен бағыт бағдарымызды, өз соқпағымызды табуға зор мүмкіндік берді. Түркі тілдес тұтас елдердің қауіпсіздігі жөнінде түрлі бастамалардың тууына ыңытқы болды. Осылайша тыңнан түрен сала отырып, талай тар жол тайғақ кешулерді бастан өткеріп осы дәрежеге жеттік. Осыдан тура 40 жыл бұрын 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасында алаңға шыққан жастардың ерік-жігері, ең алдымен барша қазақстандықтардың арман-мұратының салтанат құруы еді. Қазақ жастарының тоталитарлық тәртіпке жүрек жұтқан әрі теңдесі жоқ ерлікпен қасқайып қарсы шыққанын ешқайсымыз да ұмытпаймыз. Бүгінде бірі арамызда, енді бірі марқұм болған қазақ халқының аяулы батыр ұл-қыздарының алдында бүгінгі ұрпақ біздер басымызды иіп, тағзым етеміз. Тәуелсіздік-бұл азап пен төзімнің, халықтың сан ғасырлар бойы еркіндікті аңсаған шыдамының өтеуі. Ал Қазақстанның тәуелсіз, егеменді ел ретінде танылғанына отыз бес жыл уақыт болды. Тәуелсіздік сияқты ұлттық мерекені бүгінгі таңда қазақ халқы жүрегімен сезінуі керек. Тәуелсіздік-ол ұлттық мемлекеттік, оның тамыры-жасампаздық рух, ұраны-ел мен халық. Аспанымыз ашылып, күніміз жарқырап, бұлттымыз сейіліп мамыражай тіршілік кешіп жүріп, өткенімізге салауат айту бүгінгі күніміздің парызы. 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. 2009 жылы «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» заңға өзгеріс енгізіліп, Республика күні мемлекеттік мерекелер тізімінен шығарылды. Алайда ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ұлытауда өткен Ұлттық құрылтайда «Республика күні еліміздің мемлекеттілікке бағытталған тарихи қадамының символына айналуы тиіс» дей отырып 25 қазанды Ұлттық мереке ретінде қайта атап өтуді ұсынды. Шын мәнінде қоғамдық қолдауға ие болған Республика күні еліміздің басты мерекелерінің бірі болып сол жылы қайта белгіленді. Республика күні мазмұны жағынан маңызды тарихи мереке екенін атап өткеніміз жөн. Бұл мерекенің қайта жаңғыруы-Жаңа Қазақстан өкілдерінің өз тарихи бастауын мойындауы. Сондықтан осынау күн тәуелсіздік жолындағы халқымыздың тарихи еңбегінің символы болып қала береді.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Автокөлік әуесқойлары интернет-алаяқтардың нысанасына айналды

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің Қылмыстық қауіп-қатердің және қоғамдық қауіпсіздіктің тәуекелдерін болжау орталығы азаматтарды әлемде қарқын алып жатқан жаңа киберқауіп туралы ескертеді.

Шетелдік дереккөздерге сәйкес («Department of Motor Vehicles» (АҚШ) «Комсомольская правда», «Аргументы и Факты» зиянкестер Жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін жалған қаулыларды жаппай жіберіп жатыр. Хаттар мен хабарламалар электрондық пошта мен мессенджерлерге жіберіледі және жүргізуші, көлік нөмірі туралы деректерді және «айыппұл төлеуге» сілтемені қамтиды.

Шын мәнінде, бұл фишингтік шабуыл. Банк картасының деректерін енгізген кезде сіздің шотыңызға толық қол жеткізіледі және барлық қаражатты ұрлау мүмкін. Жекелеген жағдайларда сілтемеде құрылғыдан жеке деректерді ұрлауға арналған вирусты қамтиды.

Бүгінгі күні, шабуылдар Ресеймен АҚШ-та тіркелген, сондықтан мұндай схеманың Қазақстанда таралу қаупі бар.

Әкімшілік айыппұл салу туралы ресми хабарламалар тек 1414 қысқа нөмірінен келіп түседі және төлем сілтемелерін қамтымайды. Салынған айыппұлдар туралы ақпарат egov.kz арқылы банктердің мобильді қосымшаларына да берілетінін естеріңізге саламыз.

Егер сіз 1414 нөмірінен айыппұл туралы хабарлама алсаңыз және онда төлем сілтемесі болса—ол бойынша өтпеңіз! Бұл алдау! Мұндай хабарламаларды алаяқтар жібереді!

Ұсынамыз:
сілтемелер арқылы өтпеңіз және күмән тудыратын хаттардың тіркемелерін ашпаңыз;
айыппұлдар туралы ақпаратты тек egov.kz, qamqor.gov.kz ресми ресурстарында және банктердің мобильді қосымшаларында қайта тексеріңіз.

Егер сіз сілтеме арқылы өтіп, деректерді енгізген болсаңыз:

Банк картасын шұғыл бұғаттаңыз;
ықтимал алаяқтық фактісі туралы банкке және полицияға 102 телефоны арқылы хабарлаңыз;
құрылғыны вирустың бар-жоғына тексеріңіз.
Сақ болыңыз. Жақындарыңызды ескертіңіз.
Алаяқтарға мүмкіндік бермеңіз!

Аудандық ішкі саясат бөлімінің тапсырысымен.

Адам папиллома вирусы туралы

Адам папиллома вирусы (АПВ) — тері мен шырышты қабықтарды зақымдайтын кең таралған вирус. Оның кейбір түрлері қатерлі ісік, әсіресе жатыр мойны обырын тудыруы мүмкін.

Негізгі белгілері:
-теріде немесе жыныс мүшелерінде сүйел, өсінді (папиллома) пайда болуы,
-кейде белгілер мүлде байқалмайды, бірақ вирус азда сақталады.

Жүгу жолдары:
АПВ көбінесе жыныстық қатынас арқылы жұғады, сондай-ақ вирус тасымалдаушының терісімен немесе шырышты қабығымен жанасқанда да берілуі мүмкін.

Алдын алу шаралары:

-адам папиллома вирусына қарсы вакцина алу (ер балалар мен қыздарға ұсынылады),

-жеке гигиенаны сақтау,
-кездейсоқ жыныстық қатынастан сақтану,
-тұрақты медициналық тексеруден өтіп тұру.

Қорытынды:

Адам папиллома вирусы— жиі кездесетін, бірақ алдын алуға болатын инфекция. Вакцинация мен қауіпсіз мінез-құлық—ең сенімді қорғаныс.

Құс тұмауы туралы

Құс тұмауы — құстар мен адамдарда кездесетін, тұмау вирусының ерекше түрі тудыратын жұқпалы ауру. Адамға ол көбінесе ауру құстармен немесе олардың өнімдерімен (жұмыртқа, ет) жанасқанда жұғады.

Негізгі белгілері:
-дене қызуының көтерілуі,
-өтел, тамақтың ауырсынуы,

-бұлшықет пен буындардың ауыруы,
-әлсіздік,
-ауыр жағдайларда—тыныс алудың қиындауы, өкпе қабынуы.

Жүгу жолдары:
Ауру көбінесе ауру құстың

бөлінділері, қауырсыны немесе шикі еті арқылы жұғады. Адамнан адамға сирек тарайды.

Алдын алу шаралары:

-ауру немесе өлексесі табылған құстардан аулақ болу,

-құс етін және жұмыртқаны жақсылап пісіру,
-қолды және ас үй құралдарын таза ұстау,
-құстармен жұмыс істегенде қолғап, маска пайдалану,
-тыныс алу белгілері байқалса, дереу дәрігерге қаралу.

Қорытынды:

Құс тұмауы — қауіпті жұқпалы ауру, бірақ сақтық шараларын орындау арқылы оның алдын алуға болады.

**Х.ОСПАНОВ,
Аудандық СЗБ
басқармасының басшысы.**

Хабарландыру

«Буденовское «БК» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің 95-бабына сәйкес, «Түркістан облысы Созақ ауданындағы «Буденовское 6-7» кенішінің геотехнологиялық полигонында магистральдық құбырлар салу», жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау 03.12.2025 ж. сағат 12.00-де Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау ауыл округі, Бақырлы ауылы, Жиенбет батыр көшесі, 13А үй, Қаратау а/о әкімшілігінің ғимаратында

Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алу үшін, көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұрату үшін +7(777) 8908808 телефоны бойынша хабарласуға болады.

Жобаға тапсырыс беруші — «Буденовское «БК» ЖШС, БСН161040005807, ҚР, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау а/о, Сарыжаз ауылы, 021 квартал, 627 ғимарат, тел. +7 (727) 343-67-00, электрондық мекенжайы info@spb.kazatomprom.kz.

Әзірлеуші: «KAZ Design & Development Group LTD» ЖШС, Алматы қ., Навои к-сі, 74, 131 кеңсе, тел.: +7(777) 8908808.

Белгіленген қызмет бойынша хабарландыру және құжаттар қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жағдайы туралы Ұлттық деректер банкі <https://ndbecology.gov.kz> сайтында орналастырылған.

ЖАО, жұртшылықтың қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге жауапты - «Түркістан облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ, Түркістан қаласы, Жаңа Қала шағынауданы, 32 кеше, 20 ғимарат. Электрондық мекенжай: aidarerkelbai@yandex.kz

Жұртшылық қоғамдық тыңдауға жіберілген құжаттарға қатысты өз ескертулері мен ұсыныстарын қағаз немесе электронды түрде ndbecology.gov.kz сайтына жолдай алады.

Объявления

ТОО «СП «Будёновское» в соответствии со ст. 95 Экологического кодекса РК, проводит общественные слушания по разделу «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Строительство магистральных трубопроводов на геотехнологическом полигоне рудника «Будёновское 6-7» в Сузакском районе Туркестанской области».

Слушания состоятся 03.12.2025г. в 12.00 ч. по адресу: Туркестанская область, Созакский район, Каратауский с/о, с.Бақырлы, в здании аппарата акима Каратауского с/о, ул.Жиенбет батыра д.13А.

Срок проведения открытого собрания может быть продлен до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности обращаться по телефону +7(777) 8908808.

Инициатор-ТОО «СП «Будёновское», БИН16104-0005807, РК, Туркестанская область, Сузакский район, Каратауский с/о, село Сарыжаз, квартал 021, здание 627, тел. +7 (727) 343-67-00, электронная почта info@spb.kazatomprom.kz.

Разработчик: ТОО «KAZ Design & Development Group LTD», г. Алматы, ул. Навои, 74, офис 131, тел.: +7(777) 8908808.

Объявление и документы по проекту размещены на сайте национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz/>.

МИО, ответственный за обеспечение доступа общественности к информации о проведении общественных слушаний - КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования Туркестанской области», г.Туркестан, микрорайон ЖаңаҚала, улица 32, здание 20. Электронный адрес: aidarerkelbai@yandex.kz.

Общественность может направить свои замечания и предложения в бумажной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания по адресу ndbecology.gov.kz

2025 жылғы қаңтар-қыркүйекке Созақ ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы

	2025 жылғы Қаңтар-қыркүйек	2024 жылғы қаңтар- қыркүйек, 2023 жылғы қаңтар- қыркүйекке, %-бен
Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер		
Халық саны, адам (2025 жылғы 1 қыркүйекке)	62 276	98,3
Туылғандар, адам	866	88,2
Өлгендер, адам	206	100,2
Иммигранттар саны, мың адам (келгендер)	1 701	113,7
Эмигранттар саны, мың адам (кеткендер)	3 027	140,6
Еңбек рыногы және еңбекақы төлеу		
Қызметкерлердің тізімдік саны, мың адам 2025 жылдың II тоқсаны	20 879	107,7
Бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы, теңге 2025 жылдың II тоқсаны	581 861	107,6
Ұлттық экономика		
Негізгі капиталға инвестициялар, млн.теңге	174 672,7	127,7
Сауда		
Бөлшек сауда тауар айналымының көлемі, мың теңге	4 717 026	109,9
Көтерме сауданың жалпы көлемі, мың теңге	1 079 775	121,4
Экономиканың нақты секторы		
Өнеркәсіп өнімінің (тауар, қызмет) көлемі,мың теңге	701 050 809	113,8
Жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметінің) көлемі, млн. теңге	16 326,7	108,5
Құрылыс жұмыстарының көлемі, млн. теңге	27 670,5	127,2
Іске қосылған тұрғын үйлер, м ²	21 140	113,0
Қаржы жүйесі ²⁾	1 701	113,7
Кәсіпорындардың дебиторлық берешегі, млн. теңге	3 027	140,6
Кәсіпорындардың міндеттемелер бойынша берешегі, млн. теңге	654 162,9	106,2
Өндірілген өнім көлемі, млн. теңге	3 389,1	0,83
Өндірілген өнім көлемі, млн. теңге	383 688,7	113,9

¹⁾ 2025 жылғы қаңтар-тамыздағы деректер

²⁾ 2025 жылғы II-тоқсандағы деректер ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдар бойынша

Аудандық статистика басқармасы.